

www.esa-conference.ru

Ахатин ұлуын жұмыртқадан көбейту, косметология саласындағы процесс ерекшеліктерін зерттеу

Тастанбек Әкежан, 8 «В» сынып оқушысы;
 Ғылыми жетекшісі: Сарсенбаева А.С.

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Шымкент қаласы
 Қазақстан Республикасы

Ахатин ұлуы (лат. *Achatina fulica*)-құрлықта тіршілік ететін өкпелі ұлулар топтас, былкылдақ моллюсктер тобына жататын ұлу түрі, яғни тропикалық климатты елдерде кеңінен тараған және АҚШ пен Африкада көп тіршілік етеді. Ахатин ұлуы қолда өсірілетін үй жануары, оның 100-ден аса түрі бар, алғашында Африкада: Кения мен Танзанияда және Оңтүстік Шығыс Азияда пайда болған. Бұл ұлулардың арасындағы ең ірі топ болып табылады және қолға үйретуге мүмкіндік бар болғандықтан үй жануары ретінде пайдалануға болады. Ахатин ұлулары жұмыртқадан өсіріледі, яғни - гермафродиттер, олардың жынысының жарты ағзасы еркек болса, жартысы ұрғашы. Бір ересек ұлу 200-300 жұмыртқа басады, жұмыртқа өлшемдері 4-5 мм, ақ түстес және тауық жұмыртқасына ұқсас болады. Эмбриондардың жетілуі 24°C температурада 5-7 аптаға созылады. Жұмыртқадан жаңа пайда болған ұлулар алғашында жұмыртқаның қалдығымен қоректенеді. Қабықшалары 2 жылға дейін қарқынды өседі, ал ары қарай өсуі баяулайды. Ахатин ұлулары негізінде жұмсақ азық-түлікпен қоректенеді, кішкентай ұлулары тірі өсімдіктерді құп көрсе, ересектері өлі өсімдікпен қоректенеді. Өскен сайын тәбеті күшейе түседі және көп қоректене бастайды. Ахатин ұлулары асқабақпен, жапырақпен, жұмсақ жидектермен, қиярмен және құрамында ақуызы көп азық түлікпен қоректенеді. Кішкентай ұлуларды жұмыртқа қабығымен қоректендірген жөн. Жұмыртқа қабығы қабыршағының өсіп қатуына септігін тигізеді. Құрамында тұзы бар, тұздалған, қайнатылған және спиртті қоректер беруге болмайды. Ахатин ұлуларының тезірек өсіп жетілуі үшін қосымша «дәрілер» қажет. Мысалы: кальций карбонаты, топырақ, бор және т.б. заттар. Олар ұлудың қабыршағының тез өсіп-жетілуіне көмектеседі.



Ахатин ұлулары мен жұмыртқалары жеке-жеке үш контейнерге, кокос субстраты топырағына орналастырылды. Кокос субстраты сумен араластырылып ұлуларға жағымды топырақ пайда етті. Ұлулардың өсіп-жетілуі үшін салат жапырағы, сәбіз және қияр азықтары берілді. Зерттеу жұмысы 2018-2019 оқу жылынан басталып, жыл соңына дейін бірнеше кезеңдерде өз нәтижесін көрсетті. Қоректендіру барысындағы азық мөлшері төмендегідей:

№	Азық түрі	Берілген азық	Қоректенуі
1.	Сәбіз	40гр	28гр
2.	Қияр	40гр	34гр
3.	Салат жапырақтары	40гр	21гр
4.	Алма	40гр	11гр



Зерттеу жұмысы қызықтырған менің сыныптастарым қол ұшын созды. Алғашында зерттеу жұмысына түрткі

www.esa-conference.ru

болған екі ересек ұлу Қытайдан тапсырыспен алып келінді. Қазақстанда Ахатин ұлулары көп қолданылмайды, алайда бұл ұлулардың пайдалы жақтары көп болғандықтан, әртүрлі салаларда пайдалануға болады. Бастапқы екі ересек ұлу бірнеше рет жұмыртқалады, алғашқы жұмыртқалардан 9 ұлу өсіп жетілді және келесі жұмыртқалауда бірнеше ондық майда ұлулар шықты. Зерттеу ұлуларды жақсылап қоректендірумен қатар өсу процесі барысындағы ай сайын денесінің ұзындығын өлшеу және салмағын анықтау арқылы жалғасын тапты. Зерттеу барысы төмендегі кестеде көрсетілген.

Уақыты:	Денесінің ұзындығы:		Салмағы:		Жасы:
17.12.18ж	1см	Өсуі:	2,2гр	Өсуі:	0
17.01.18ж	2,1см	1,1см	4,6гр	2,4гр	1 ай
17.02.18ж	3,5см	1,4см	6,9гр	2,3гр	2 ай
17.03.18ж	4,1см	0,6см	8,1гр	1,2гр	3 ай
17.04.18ж	5см	0,9см	10,8гр	2,7гр	4 ай
17.05.18ж	6см	1см	13,3гр	2,5гр	5 ай



Ғылыми жобаны мектебімізде жыл сайын өтетін «Креативті самғау» атты шығармашылық байқауында алғаш қорғалып, мектеп ұжымына таныстырылды. Байқауда Ахатин ұлуының жұмыртқадан көбеюі туралы және косметология саласында өте пайдалы екендігі жайында демонстрация жасалды. Эксперимент ретінде ұлуларды бірнеше адамда жалғасын тапты. Ахатина ұлуының бетті әрлеудегі қызметі, бөлетін шырышының кереметтілігі көптеген пациенттердің көңілінен шықты.



Ахатин ұлуының қолданылуы туралы толықтай айтар болсақ, үй жануары ретінде және негізінен косметология саласында көп қолданылады. Сондай-ақ, бет әрлеуде пайдаланылады. Олардың табиғи шырышы нағыз пайдалы, қоспаларсыз кератин, ал кератиннің құрамында теріні табиғи жасартатын заттар бар. Сонымен, Ахатин ұлуының шырышы бетті жасартуда және бет әрлеуде қолданылатын қолжетімді табиғи зат. Сондықтан да, Ахатин ұлуларын косметикада бет әрлеуде қолдануға болады.

Ахатинаның адам тұрмысында қолданылуы:

- Үйде террариумда жануар ретінде ұстау.
- Ахатин ұлуында ақуыз көп болғандықтан кейбір елдерде тағам ретінде қолданылады.
- Медицинада псориаз, көкжөтел, күйік, бронхит, силикоз секілді тері ауруларын емдеуде қолданады.
- Косметика саласында бетті әрлеу және тыртықтарды кетіруде пайдаланады.

Қорыта айтқанда, Ахатин ұлуларының пайдасын көргендіктен, бұл жоба ары қарай жалғасын табады. Косметология мен медицина саласындағы жетістіктерін ескере отырып, ұлуларды көбейтіп, пайдаланамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ахатина/ Кеңестік энциклопедия Большая советская энциклопедия.
2. Гиляров М.С. Биологиялық энциклопедиялық сөздік
3. Жас биолог энциклопедиялық сөздік.
4. Интернет-сайттар: <https://ppt-online.org/241204>



www.esa-conference.ru

https://kk.wikipedia.org/wiki/Ахатин_ұлуы